Р ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 шілде №5165-23-00-2/1194 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы Б. Байзақтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Ұлы Дала Елі Орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Коркут» басшысы Коркуть Наталья Ивановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі К. Адырбеков

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында ноутбукқа арналған қуат беру блогын (блокпитания) сатып бойынша 30 000 теңгеге 2023 жылғы 31 наурызда №499 санды келісім шарты (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер тауарды 2023 жылдың 16 сәуірге дейін жеткізуге тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, жауапкер тауарды 2023 жылдың 16 сәуірге дейін жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, Шарт 13 мамыр 2023 жылы біржақты бұзылған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы талап қоюшының пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Ұлы Дала Елі Орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Коркут» басшысы Коркуть Наталья Ивановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Коркут» басшысы Коркуть Наталья Ивановнадан талап қоюшы Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Ұлы Дала Елі Орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Байтенов С. К., 22.08.2023

пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге төленген мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Байтенов С. К., 22.08.2023